



## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 9 шілдедегі N 273

1997 жылғы 11 қарашада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы  
Конвенция

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі еki Мемлекеттің арасындағы экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени байланыстарды нығайтып, дамыту ниетін басшылыққа алып және табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция жасасуға ниет білдіре отырып, мынаған келісті:

1-бап  
Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап  
Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция салықтарды алу әдістеріне қарамастан, Уағдаласуышы Мемлекет немесе оның саяси әкімшілік бөлімшелері немесе жергілікті үкімет органдары алатын табыс пен капиталға салынатын салықтарға қолданылады.

2. Жылжымалы және жылжымайтын капиталды шеттетуден алынған

табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін ырзықақының немесе еңбекақының жалпы мөлшерінен алынатын салықтарды қоса табыстың жалпы сомасынан, сондай-ақ капитал құнының өсімінен алынған табыстарға салынатын салықтар табыс пен капиталға салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Осы Конвенция қолданылатын, қазір алынып жүрген салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

а) Қазақстан Республикасында:

(i) занды және жеке тұлғалардың табысына салынатын салық;

(ii) занды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

(Бұдан әрі "Қазақстан салықтары" делінеді);

б) Грузияда:

(i) кәсіпорынның кірісіне (табыс) салынатын салық;

(ii) жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;

(iii) кәсіпорынның мүлкіне салынатын салық;

(IV) жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықтар;

(Бұдан әрі "Грузия салықтары" делінеді).

4. Конвенция, сондай-ақ Конвенцияға қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға қосымша ретінде алынатын кез-келген бірдей немесе іс жүзінде ұқсас салықтарға да қолданылады. Уағдаласуышы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің қолданылып жүрген салық зандарына енгізілетін кез-келген елеулі өзгертулер жайында бір-бірін хабардар етіп отырады.

3-бап

Ортақ айқындаамалар

1. егер контекстен басқадай мағына тумайтын болса, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) терминдер:

(i) "Қазақстан" Қазақстан Республикасын және географиялық мағынасында қолданған кезде "Қазақстан" термині аумақтық суларды, сондай-ақ Қазақстан халықаралық құқықтарға сәйкес және Қазақстанның салықтарын реттейтін заңдар қолданылатын айқын мақсаттар үшін егеменді құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыруға болатын айрықша экономикалық аймақ пен континентальды қойнауды білдіреді;

(ii) "Грузия" термині географиялық мағынасында Грузияның мемлекеттік шекарасының шегінде, ішкі және сыртқы суларды қоса, аумағын сондай-ақ Грузияның халықаралық құқықтары мен ұлттық заңдарына сәйкес Грузияның юрисдикциясы, егемендік құқықтары мен салықтық заңдары таратылатын айрықша экономикалық аймақ пен континентальдық қойнауды білдіреді;

б) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және адамдардың кез- келген басқа да бірлестігін, қамтиды;

с) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік бірлестік ретінде қарастырылатын кез-келген кооперативтік бірлестікті немесе экономикалық бірлікті білдіреді;

д) "Уағдаласуши Мемлекет" және "басқа Уағдаласуши Мемлекет" терминдері контекске байланысты Қазақстанды немесе Грузияны білдіреді;

е) "Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорыны" және "басқа Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорыны" терминдері тиісінше Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және басқа Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

f) "халықаралық тасымал" мұндай тасымал басқа Уағдаласуши Мемлекеттің бекеттері арасында ғана жүзеге асатын жағдайдан басқа жағдайларды қоспағанда Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен, автомобиль және теміржол көлігімен жасалатын кез-келген тасымалды білдіреді;

g) "Кұзырлы орган" термині:

(i) қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін;

(ii) Грузияда: Қаржы министрін немесе оның өкілетті өкілін білдіреді.

h) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласуши Мемлекеттердің азаматтығына ие кез-келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласуши Мемлекеттердің қолданылып жүрген заңдары негізінде өз мәртебесін алған кез-келген заңды тұлғаны, серіктестік немесе ассоциацияны білдіреді.

i) "капитал" термині 23-баптың (Капитал) мақсаттары үшін жылжымалы және

жылжымайтын мүлікті білдіреді және оған қолма-қол ақшалай қаражаттар акциялар немесе мүліктік құқықтарды растайтын басқа құжаттар, вексельдер, облигациялар немесе басқа борыш міндеттемелері, сондай-ақ патенттер, тауар белгілері немесе басқа ұқсас құқық немесе мүлік кіреді (бірақ олармен шектелмейді).

2. Уағдаласуши Мемлекет Конвенцияны кез-келген уақытта қолдану кезінде, онда айқындалмаған кез келген термин, егер контекстен өзге туында маса, сол уақытта сол Мемлекеттің заңдары бойынша, Конвенция ықпал ететін, салықтарына қатысты мағынаға ие болады. Уағдаласуши Мемлекеттің қолданылатын салық заңдары бойынша кез келген терминнің мағынасы, оған осы Мемлекеттің басқа заңдары бойынша берілетін мағынаға қарағанда басым болады.

4-бап  
Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті" термині өзінің тұрғылықты мекені, резиденттігі, нақты басқару орнының, орналасқан жерін немесе құрылған жерін, ұқсас сипаттағы кез келген басқа да критерий негізінде онда салық салынуға тиіс кез келген тұлғаны білдіреді.

Термин сондай-ақ Уағдаласуши Мемлекетті, оның саяси әкімшілік бөлімшесін немесе жергілікті өкілеттерді қамтиды.

Алайда бұл термин осы Мемлекеттегі көздерден немесе осы капиталдан табыс келтіріп отырған тұлға ғана осы Мемлекетте салық салынуға тиіс кез-келген тұлғаны білдіреді.

2. 1 тармағының ережелері негізінде жеке тұлға Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болған жағдайда, оның мәртебесі былайша айқындалады:

а) ол өзінің тұрақты баспанасы бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол барынша тығыз жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мұдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мұдделер орталығы бар Уағдаласуши Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе егер Уағдаласуши Мемлекеттердің біреуінде де тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

с) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың беруінде де тұрмаса, ол өзі азamatы болып отырған Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

д) егер резиденттің мәртебесі а)-е) тармақшаларына сәйкес

айқындалмаған болса Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары мәселені өзара келісе отырып шешеді.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға болып табылмайтын тұлға Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, ол өзінің іс жүзіндегі басқару органы тұрған Мемлекеттің резиденті болып есептеледі.

5-бап

### Тұрақты мекеме

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асатын тұрақты қызмет орнын бідіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

- а) басқару орны;
- б) бөлімі;
- с) кеңсе;
- д) фабрика;
- е) шеберхана; және

ф) шахта, кеніш, мұнай немесе газ скважинасы, карьер немесе табиғи ресурстар барлайтын, өндертін және өндірілетін басқа да кез-келген орын.

3. "тұрақты мекеме" термині сондай-ақ мыналарды қамтиды:

а) құрылыс алаңы немесе құрылыс, монтаждау немесе құрастыру объектісі немесе осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтер, егер мұндай алаң немесе объект 6 айдан астам уақыт бойы жұмыс істеп тұрған болса ғана мұндай қызметтер 6 айдан астам уақыт бойы көрсетілген болса;

б) қондырғыны немесе табиғи ресурстарды пайдаланатын құрылысты немесе осы жұмыстардың орындалуын бақылауға байланысты қызметтерді немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғыларын немесе кемелерді, егер бұларды пайдалану 6 айдан астам уақытқа созылса, немесе мұндай қызметтер 6 айдан астам уақыт бойы көрсетілсе;

с) резиденттермен кеңес қызметін қоса қызметкерлер арқылы немесе осы мақсаттар үшін резидент жалдаған, басқа да бірақ тек егер осындай сипаттағы қызметтер ( осындай немесе оған қатысты жоба үшін) ел шегінде 6 айдан астам уақыт созылса

басқа да қызметтер.

4. Осы баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан "тұрақты мекеме" термині мыналарды қамтыймайды:

- а) ғимараттарды қәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана пайдалану;
- б) осы қәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана ұстай;
- с) қәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын өзге қәсіпорынның ұқсату мақсаттары үшін ғана ұстай;
- д) тұрақты қызмет орнын тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін ғана немесе қәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстай;
- е) тұрақты қызмет орнын қәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез-келген басқа қызметпен айналысу мақсаттары үшін ғана ұстай;
- ф) тұрақты қызмет орнынан а) тармақшасына дейін санамалап көрсетілген амал нәтижесінде туындаған жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орнын қызмет түрлерінің кез-келген осындай амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстай.

5. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер осы баптың 6-тармағында айтылған тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға Уағдаласуши Мемлекеттің бірінде басқа Уағдаласуши Мемлекеттің қәсіпорны атынан әрекет етсе, онда бұл қәсіпорын кез-келген қызмет қатысында бұл қәсіпорын үшін аталған Мемлекет тұрақты мекемесі бар ретінде қарастырылады, егер бұл тұлға:

- а) осы тармақтың ережесіне сәйкес егер тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылса да тұрақты қызмет орнынан тұрақты мекеме жасамайтын егер осы тұлғаның қызметі ескертілген 4-тармақта шектелгеннен басқа осы Мемлекетте өкілеттік қәсіпорын атынан келісімді бекітеді, жасайды және әдетте пайдаланады; немесе
- б) мұндай өкілеттіктері болмайды, бірақ әдетте бірінші ескертілген Мемлекетте қәсіпорын атынан тауарлар мен бұйымдар қорлары бар.

6. Қәсіпорын қәсіпкерлік қызметін осы Уағдаласуши Мемлекетте делдал, комиссиянер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез-келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шенберінде әрекет еткен жағдайда, Уағдаласуши Мемлекетте тұрақты мекемесі бар қәсіпорын ретінде қарастырылмайды. Алайда, егер осы мұндай агенттікің қызметі осы қәсіпорын үшін әрекеттерде толықтай және толыққа жақын сәйкестендірілсе, онда осы тармақтың шенберінде ол тәуелсіздік мәртебесі бар агент ретінде қарастырылмайды.

7. Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылаушы немесе оның бақылауында болуы немесе осы басқа Мемлекетте қәсіпкерлік қызметпен айналысуы (не тұрақты мекеме арқылы немесе басқадай жолмен) фактісінің езі-ақ осы

компаниялардың брін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

## 6-бап

### Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табыстарына (соның ішінде ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алған табыстарға) осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қарастырылып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің зандары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Бұл термин кез-келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланатын мал мен жабдықтарды, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктың және минералдық қорларды, кен көздерін және басқа да табиғи ресурстарды игеру үшін немесе игеру құқығы үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе кесімді төлемдерге арналған құқықтарды қамтиды; теңіз және әуе кемелері, автомобиль немесе темір жол көліктері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез-келген басқа жолмен пайдаланудан алынған табыстарға қолданылады.

4. 1 және 3-тармақтардың ережелері сондай-ақ кәсіпорындардың жылжымайтын мүлкінен алынатын табыстарға және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табыстарға да қолданылады.

## 7-бап

### Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты өкілділік арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналыспаса немесе айналыспаған болса, осындағы кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын жоғарыда көрсетілгендей кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе айналысқан болса, кәсіпорынның пайдасына басқа Мемлекетте бірақ мыналарға :

- а) осындағы тұрақты мекемеге;
- б) тұрақты арқылы сатылатын тауарларға немесе бұйымдарға сәйкес келетін немесе ұқсас тауарларды не бұйымдарды осы басқа Мемлекетте сатуына; немесе
- с) өзінің сипаты бойынша осындағы кәсіпкерлік қызметке сәйкес келетін немесе

ұқсас осы басқа мемлекетте жүзеге асатын кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігіне ғана салық салынады.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласуши Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса, немесе айналысқан болса, онда осы тұрақты мекеме нақ осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысатын дербес және бөлек кәсіпорын болып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан мұлдем дербес әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда әрбір Уағдаласуши Мемлекетте осындай тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды, соның ішінде тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе жерлерде жұмсалғанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығындарын қоса шегеріп тастауға болады.

Тұрақты мекемеден оның басты офисіне немесе резиденттің кез-келген басқа оғистеріне роялтилер, сыйақылар жолымен немесе патенттерді немесе басқа да құқықтарды пайдаланғаны үшін қайтарылатын басқа да осындай төлемдер немесе комиссиялық төлемдер жолымен нақты қызметтер көрсеткені үшін немесе менеджмент үшін тұрақты мекемеге берілген сомалар шегерілмейді.

4. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарларды немесе бұйымдарды жай ғана сатып алуы негізінде осы тұрақты мекемеге ешқандай пайда есептелмейді.

5. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында жекелеп айтылған кірістердің түрлерін қамтитын болса, онда бұл баптың ережесі осы баптардың ережелерінде қарастырылмайды.

6. Отken мақсаттары үшін тұрақты мекемеге қатысты пайда егер бұл

тәртіпті өзгертуге жеткілікті және маңызды себеп болмаса, бір жылдан бір жылға бірдей тәсілмен анықталады.

## 8-бап

### Халықаралық тасымал

1. Теніз немесе әуе кемелерін, автомобиль немесе темір жол көлігі құралдарын халықаралық тасымалда пайдаланудан алған пайдаға тек кәсіпорынның нақты басқарушы органы орналасқан осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелері сондай-ақ пульге, бірлескен кәсіпорынға немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға

қатысадан алынған пайдаға да таратылады.

9-бап

### Ассоцияланған кәсіпорындар

1. Мына жағдайда:

а) Уағдаласуши Мемлекеттің бірінің кәсіпорны басқа Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса; немесе

б) белгілі бір тұлғалар Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорнын және басқа Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса;

және әрбір жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржы тұрғысындағы өзара қарым-қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда солардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез-келген пайда осы кәсіпорынның табысына қосылып, оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер осы Уағдаласуши Мемлекет басқа Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Мемлекетте салық салынған пайдасын осы Мемлекет кәсіпорынның пайдасына қосып, тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда бірінші аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болса, егер екі кәсіпорынның арасындағы қатынастар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағы қатынастардай болса, онда осы басқа Мемлекет осы Пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасауы мүмкін. Осындай түзетулерді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері қаралуға тиіс, ал Уағдаласуши Мемлекеттердің құзіретті органдары қажет болған жағдайда бір-бірімен ақылдасып отырады.

10-бап

Дивидендер

1. Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес дивидендтер төленетін компания болып табылатын резидент те Уағдаласуши Мемлекетте салық салуға жатқызылмауы мүмкін, бірақ дивидендтердің нақты иесі басқа Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылса, мұндай тәртіппен алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен артпауға тиіс.

Бұл тармақ дивидендтер төленетін кірістерге қатысты салықтарға жатқызылмайды.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланылғанда акциялардан немесе пайдаға қатысу құқығын беретін борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлөтін компания резиденті болып табылатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді нақ сондай салық салуды реттейтін басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер дивидендтердің нақты иесі Уағдаласуши Мемлекеттің бірінің резиденті бола отырып, дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған басқа Уағдаласуши Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың (Кәсіпкерліктен түсетін пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Уағдаласуши Мемлекеттің бірінің резиденті болып табылатын компания басқа Уағдаласуши Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған жағдайда, осы басқа Мемлекет, мұндай дивидендтер осы басқа Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болатын жағдайды қоспағанда, осы компания төлейтін дивидендтерді салықтан толық босата алады және, егер тіпті дивидендтер төленген немесе бөлінбеген пайда толық не ішінара осы басқа Мемлекетте пайда болатын пайдадан немесе табыстан тұрған күннің өзінде, компанияның пайдасына салық сала алмайды.

5. Осы Конвенцияда ешнэрсе Уағдаласуши Мемлекетке компанияның осы Мемлекетті тұрақты мекемеге қатысты таза пайдасына осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылатын компанияның пайдасына есептелінетін салыққа қосымша, осылай есептелген кез-келген қосымша салық бұның алдындағы салық салынған жылдары осындай салық салуға ұшырамаған осындай пайда сомасының 5 процентінен аспайтын жағдайда, салық салуға кедергі келтіретіндей болып пайымдала алмайды.

Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда осы тармақта ескертілген, тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласуши Мемлекетте алынатын қосымша салыққа қарағанда өзгеше барлық салықтарды одан шегеріп тастағаннан кейін айқындалады.

## 11-бап

### Проценттер

1. Уағдаласуши Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай проценттерге сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласуши Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер проценттер алушы және оның нақты иесі басқа Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болса, онда мұндай жолмен алынатын салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан:

а) Уағдаласуши Мемлекеттердің бірінде пайда болған проценттер және оның облигациялары, нысаналы міндеттері немесе басқа да сәйкес міндеттері қатысында төленуі осы Мемлекеттің Үкіметін, осы Мемлекеттің орталық банкісін, оның саяси әкімшілік бөлімдері немесе жергілікті өкімет органдарынан Мемлекетте салудан босатады;

б) Уағдаласуши Мемлекеттердің бірінде пайда болатын проценттер және облигациялары, нысаналы міндеттері немесе басқа да сәйкес міндеттері қатысында төленуі басқа Мемлекеттің Үкіметі, басқа Мемлекеттің орталық банкісі, оның саяси-әкімшілік бөлімдері немесе жергілікті өкімет органдары бірінші аталған Мемлекеттің салығынан босатылады.

4. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышқорлардың пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін кез-келген түрдегі борыш талаптарынан алынатын табысты және атап айтқанда, осы бағалы қағаздар, облигациялар және борыштық міндеттемелер сыйақылар мен ұтыстарды қоса, үкіметтің бағалы қағаздарынан алынатын табыс пен облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Мезгілінде төленбеген төлемдер үшін алынатын айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды.

5. Егер проценттердің нақты иесі Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті бола отырып, проценттер пайда болатын басқа Уағдаласуши Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және проценттер төлеуге негіз болып отырган борыш талабы шын мәнінде осында тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты бола, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды.

Мұндай жағдайда ретіне қарай осы Конвенцияның 7-бабының (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыс) немесе 14-бабының (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

6. Егер проценттер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің өзі, оның саяси-әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болса, проценттер осы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлеуші тұлға проценттер төленетін қарыздың туындауына байланысты Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай проценттерді тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай проценттер тұрақты мекеме немесе тұрқты база орналасқан Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуді мен қандай да болын үшінші тұлғаның арасындағы айрықша қатынастарға байланысты борыштық талапқа қатысты және соның негізінде төленетін проценттердің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алғындағы сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға тиіс.

8. Егер проценттер төленетін борыш талабының туындауына немесе тапсырылуына байланысы бар кез-келген тұлғаның басты мақсаты немесе басты мақсаттарының бірі осы борыш талаптарын жасау немесе тапсыру арқылы осы баптан пайда алу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

## 12-бап

### Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінде пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекет де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер роялтиді алушы және оның нақты иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылғанда әдеби, өнер немесе ғылым шығармаларына, бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса, кинематографиялық фильмдерге, кез-келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе үлгіге, жоспарға, құпия формулаға яки процеске берілген кез-келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық яки ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығын бергені үшін

сыяқы ретінде алынған төлемдердің кез-келген түрін білдіреді.

4. Егер роялтидің нақты иесі бір Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болатын басқа Уағдаласуши Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызмет көрсетсе және өздеріне қатысты роялти төленетін құқы немесе мулік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, ретіне қарай, 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен түсетін пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызмет көрсету) ережелері қолданылады.

5. Егер роялти төлеуші Уағдаласуши Мемлекеттің өзі, оның саяси әкімшілік бөлімі, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болса, роялти осы Мемлекетте туындаған болып есептеледі. Алайда, егер роялти төлейтін тұлға ол Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табыла ма, жоқ па оған тәуелсіз Уағдаласуши Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты роялти төлеу міндеттемесі туындаса және мұндай роялтиді тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын үшінші тұлғаның арасындағы айрықша қатынастарға байланысты өзі негізге алынып төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алғындағы сомадан асып кетсе, осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің бас артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласуши Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салуға жатады.

7. Егер төленетін роялтиге қатысы бар құқықтарды жасауға немесе беруге байланысы бар кез-келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осындай құқықтарды жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда алу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

### 13-бап

#### Мұлік құнының өсуінен алынатын табыстар

1. Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті, осы Келісімнің 6-бабында (Жылжымайтын мұліктен алынатын табыстар) айқындалғанындей, басқа Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мұлікті шеттетуден алатын табыстарға осы басқа мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласуши Мемлекет резидентінің шеттетуден алған табыстары:

а) мұлкі негізінен басқа Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан жылжымалы

мұліктен тікелей немесе жанама құны яки оның құнының үлкен бөлігінен алынатын, ресми мойындалған биржада маңызды және қалыпты негізде сатылатын акциялардан, немесе

b) мұлкі негізінен басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан мұліктен тұратын, серіктестіктері немесе трастасты үлестерге яки жоғарыда а) тармақшасында ескертілген акцияларға, осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорынының басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесінің кәсіпкерлік мұлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мұлікті немесе тәуелсіз жеке қызмет көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұдайы қолы жетерлік тұрақты базаға қатысты жылжымалы мұлікті шеттетуден алынған табыстарға, соның ішінде осындай тұрақты мекемені (жеке немесе барлық кәсіпорындардың жиынтығын қоса алғанда) немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынған осындай табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін, автомобиль немесе темір жол көлік құралдарын пайдалануға байланысты жылжымалы мұлікті шеттетуден алынған табыстарға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

5. Откен тармақтарда сөз етілгеннен өзге кез-келген мұлікті шеттетуден алынған табыстарға мұлікті шеттеші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

#### 14-бап

##### Тәуелсіз жеке қызмет көрсету

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің тәуелсіз сипаттағы кәсіпкерлік қызмет көрсету немесе басқа қызметтерге қатысты алған табысына, егер мұндай қызмет көрсету басқа Уағдаласушы Мемлекетте көрсетіліп жатпаса немесе көрсетілмесе салық салынады; және

а) басқа Мемлекетте жеке тұлға жүйелі негізде бар немесе бар болған тұрақты базасына қатысты табыс; немесе

б) мұндай жеке тұлға жалпы алғанда он екі айлық кезеңдегі 183 жұмыс күнінен артық кезеңде немесе кезеңдерде тікелей қатысқаны немесе қатысатыны туралы - шешімдеріне байланысты табыстар.

Табыс мұндай жағдайда, тұрақты мекемеге табыс сомасын және кәсіпкерлік табысты енгізуді анықтау үшін 7-бапта (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыс) мазмұндалған принциптерге, ұқсас принциптерге сәйкес қызмет көрсетуге байланысты осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіпкерлік қызмет көрсету" термині атап айтқанда тәуелсіз ғылыми, әдеби,

әртістік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, тіс дәрігерлерінің, зангерлердің, инженерлердің, сәuletшілердің, бухгалтерлердің және аудиторлардың тәуелсіз қызметтерін қамтиды.

### 15-бап

#### Тәуелді жеке қызмет көрсету

1. Жалдау жөніндегі жұмысқа байланысты Уағдаласуши Мемлекетті резиденті алған, 16 (Директорлардың сыйақылары), 18 (Зейнетақылар), 19 (Мемлекеттік қызмет) баптардың ережелерін есептей отырып, ырзықақылар, жалақылар және басқа да ұқсас сыйақылар, егер басқа Уағдаласуши Мемлекетте жүзеге асырымайтын болса, жалға алу жөніндегі жұмыстарға байланысты қолданылады. Егер жалдау бойынша жұмыс осындай жолмен орындалатын болса, басқа жақтан алынған табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынады.

2. Ереженің 1-тармағының ережесіне қарамастан, жалға алу жөніндегі жұмысқа, басқа Уағдаласуши Мемлекетте орындалған жұмысқа байланысты резидент алатын сыйақыға бірінші аталған Мемлекетте салық салынады, егер:

- a) тиісті салық жылдының басталуы мен аяқталуы, жалпы алғанда кез-келген күнтізбелік жылдың 183 күнінен аспайтын кезенде немесе кезендер ішінде алушы осы басқа Мемлекетте тұрса; және
- b) сыйақы басқа Мемлекеттің резиденті болып саналмайтын жалға алушы немесе жалға алушы атынан төленеді; және
- c) басқа Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы бар жалға алушыға сыйақы төленбейді.

3. Осы баптың алдындағы ережеге қарамастан, халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерімен, яки автомобиль немесе теміржол көлік құралдарымен орындалған жалдау бойынша жұмыстарға қатысты алынған сыйақылар теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланушы кәсіпорындар болып табылатын резиденттерге Уағдаласуши

Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

### 16-бап

#### Директорлардың сыйақылары

Уағдаласуши Мемлекеттің бірінің резиденті директорлар кеңесінің немесе басқа Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның осындай органының мүшесі ретінде алатын директорлар

сыйақылары мен басқа да осындай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

## 17-бап

### Артистер мен спортшылар

1. 14 баптың (Тәуелсіз жеке қызмет көрсету) және 15 баптың (Тәуелді жеке қызмет көрсету) ережелеріне қарамастан, Уағдаласуышы Мемлекеттің резиденті өнер қызметтері ретінде театр, кино, эстрада, радио немесе телевидение артисі немесе сазгер немесе спортшы ретінде басқа Уағдаласуышы Мемлекетте айналысатын өзінің жеке қызметінен алғын табысина осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының өзінің осы сипатында айналысатын өзінің жеке қызметінен алғын табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа ереженің 7 (Кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс), 14 (Тәуелсіз жеке қызмет көрсету) және 15 (Тәуелді жеке қызмет көрсету) баптарына қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласуышы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласуышы Мемлекеттің өнер қызметкерлері немесе спортшылары жүзеге асыратын қызметтерден алынатын табыс, егер бұл Мемлекетке бару мәдени немесе спорттық алмасу туралы келісім шеңберінде жүзеге асырылса және (немесе) бір яки екі Уағдаласуышы Мемлекеттің қоғамдық қорларынан, олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті өкімет органдары толық қаржыландырылса, 1 және 2-тармақтың ережелері табысқа жатпайды. Мұндай жағдайда осы өнер қызметкери немесе спортшы резиденті болып табылатын Уағдаласуышы Мемлекетте табысқа салық салынады.

## 18-бап

### Зейнетақылар және төленетін басқа төлемдер

1. 19-баптың 2-тармағының (Мемлекеттік қызмет) ережелеріне сәйкес Уағдаласуышы Мемлекеттің резидентіне бұрынғы жұмысына қатысты төленетін зейнетақылар мен басқа да осындай сыйақыларға және осы резидентке төленетін қандай да болсын аннуитетке осы төлемдер аударылатын Мемлекетте ғана салық салынады.

2. "Аннуитет" термині баламалы және толық өтемақы үшін ақшалай қайтарым төлемдерін төлеу міндеттемесі бойынша бүкіл өмір бойы немесе белгілі яки белгіленген уақыт кезеңінде жеке тұлғаға белгіленген уақытта жүйелі түрде төленіп

тұратын белгіленген соманы білдіреді.

3. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын басқа Мемлекеттің резидентіне төленетін алименттерге және ұқсас сомаларға (балаларды ұстауға арналған төлемдерді қосатын) осы басқа Мемлекетте салық салынады.

19-бап  
Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшелерінің яки жергілікті өкімет органының осы Мемлекетке немесе саяси-әкімшілік бөлімшелерінің яки жергілікті әкімшілік органына көрсеткен қызметіне қатысты кез-келген занды тұлғаға төленетін ырыздықақыға, еңбекақыға және басқа да ұқсас сыйақыларға, зейнетақылардан басқа, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады;

б) Алайда, мұндай ырыздықақы, еңбек ақы және басқа да ұқсас сыйақыға тек Уағдаласқан басқа Мемлекетте осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлғаға, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса, мынадай жағдайларда салық салынады:

- (i) осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болса; немесе
- (ii) қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаса.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе әкімшілік аумактық бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы жеке тұлғаға төлейтін төлемдерге немесе олар құрған қорлардан осы Мемлекет немесе оның әкімшілік бөлімшесі яки өкімет органы осы мемлекет немесе оның бөлімшелері үшін төлейтін төлемдерге басқа да төлемдерге осы мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, мұндай зейнетақыға, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және ұлттық тұлғасы болып табылса, басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

3. 15 (Тәуелді жеке қызмет көрсету), 16 (Директорлардың сыйақылары) және 18 (Зейнетақылар және төленетін басқа төлемдер) баптарының ережелері Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесінің немесе жергілікті өкімет органының кәсіпкерлік қызметті ырыздықақыларға, еңбекақыға және басқа да ұқсас сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

20-бап  
Студенттер

Уағдаласушы Мемлекеттің біріне келердің нақ алдында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болған немесе болып табылатын және бірінші аталған Мемлекетте тек оқу немесе білім алу мақсатында тұрып жатқан студент немесе кәсіби оқудан өтіп жатқан жеке тұлға алатын, тұруға, окуға және білім алуға арналған

төлемдерге, мұндай төлемдердің көздері осы Мемлекеттен тыс жерлерде болған жағдайда, бірінші аталған Мемлекетте салық салынбайды.

## 21-бап

### Профессорлар, мұғалімдер және ғылыми қызметкерлер

1. Бір Уағдаласуши Мемлекетке келгенге дейін басқа Уағдаласуши Мемлекеттің тікелей резиденті болған немесе болып табылатын және алғашқы аталған Мемлекетте тек қана оқыту мақсатында тұрып жатқан яки екі жылдан аспайтын кезенде университетте, колledge, және басқа оқу немесе ғылыми-зерттеу орындарында ғылыми-зерттеулерді жүргізетін профессорлар, мұғалімдер және ғылыми қызметкерлер алатын төлемдерге, төлем көздері осы Мемлекеттен тыс жерде болса, алғашқы аталған Мемлекетте салық салынбайды.

2. Осы Баптың 1-тармағының Ережесі егер мұндай жұмыстар қоғамдық қажеттіліктен емес, тұлғалардың немесе адамның жеке тиімділігі үшін жүргізілсе, зерттеу жұмыстарының табыстарына қолданылмайды.

## 22-бап

### Басқа табыстар

1. Осы Конвенцияның алдыңғы баптарында қаралмағанына қарамастан, Уағдаласуши Мемлекет резидентінің табыстарының түрлеріне тек осы мемлекетте ғана салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелері, егер алушы Уағдаласуши Мемлекеттердің бірінің резиденті болып, 6-баптың (Жылжымайтын мүліктен түсетін табыс) 2-тармағында көрсетілген жылжымайтын мүліктен түсетін қайтарымдарға қатысты болса, басқа Уағдаласуши Мемлекетте оның тұрақты мекемелері арқылы осы басқа Уағдаласуши Мемлекетте оның тұрақты мекемелері арқылы осы басқа мемлекетте тұрақты базалар және мүліктерді иелену құқықтары арқылы әрекет жасайды, осыған байланысты тұрақты мекеменің (өкілдіктің) немесе тұрақты базалар және мүліктерді иелену құқықтары арқылы әрекет жасайды, осыған байланысты тұрақты мекеменің (өкілдіктің) немесе тұрақты базаның орнына байланысты қайтарым төлемдерін жүргізеді. Мұндай жағдайда ахуалға байланысты 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызмет көрсету) ережелері қолданылады.

## 23-бап

### Капитал

1. 6-бапта (Жылжымайтын мүліктен түсетін табыс) аталған, Уағдаласуши

Мемлекеттің бірінің резидентіне тиесілі және басқа Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлік ретінде көрсетілген капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласуши Мемлекеттің бірінің кәсіпорны басқа Уағдаласуши Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мулкінің бір бөлігі болып табылатын жылжымалы мүлікке немесе тәуелсіз жеке қызмет көрсету мақсаттары үшін Уағдаласуши Мемлекеттің бірінің резидентінің басқа Уағдаласуши Мемлекеттегі тұрақты базасына жататын жылжымалы капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласуши Мемлекеттің бірінің резиденті халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз және әуе кемелерін, автомобиль немесе теміржол көліктері құралдарын пайдалануға байланысы бар жылжымалы капиталға тек осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласуши Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне түрлеріне тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

#### 24-бап

#### Қосарланған салық салуды жою

Егер Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес басқа Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс тапса, бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекет:

- (i) осы резиденттің табысына салынатын салықтан басқа Уағдаласуши Мемлекетте төленген табыс салығына тең салық салынады;
- (ii) осы басқа Мемлекетте төленетін салықтың капиталға тең сомасы, осы резиденттің капиталы салығынан шегеріледі;

Бұл шегерімдер жағдайларға байланысты осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс немесе капиталға қатысты шегерімдерді ұсынғанға дейін есептелген табысқа салынған салықтың немесе капиталға салынған салықтың бөлігінен қандай жағдайда да аспауы керек.

#### 25-бап

#### Кемсітпеу

1. Уағдаласуши Мемлекеттің бірінің ұлттық тұлғалары нақ осындай жағдайларда осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анғұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге басқа Уағдаласуши Мемлекеттегі резиденттік қатынасқа ұшырамайтын болады. Бұл ереже 1-

баптың (Конвенция қолданылатын адамдарға) ережелеріне қарамастан екі жақты Уағдаласқан Мемлекеттердің бірінің резиденті де емес тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласуышы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар нақ осындай жағдайларда осы Мемлекеттің азаматтары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты кез-келген салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге Уағдаласуышы Мемлекеттердің ешқайсысында да ұшырамайтын болады.

3. Уағдаласуышы Мемлекеттің бірінің кәсіпорны басқа Уағдаласуышы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осы басқа Мемлекетте нақ осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорнына салық салуға қарағанда қолайсыздау жағдайда болмауға тиіс. Бұл ереже Уағдаласуышы Мемлекеттің бірін ол өзінің өз резидентіне олардың азаматтық мәртебесі немесе отбасы жағдайлары негізінде беріп отырған салық салу жөніндегі қандай да болсын жеке жеңілдіктерді, шегерімдер мен шегерулерді басқа Уағдаласуышы Мемлекеттің резиденттеріне де беруге міндеттейтіндей болып пайымдалмауға тиіс.

4. 9-баптың (Ассоциацияланған кәсіпорындар) 1-тармағының, 11-баптың (Проценттер) 7-тармағының, 12-баптың (Роялтилер) 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласуышы Мемлекеттің бірінің кәсіпорны басқа Уағдаласуышы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсатында бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне басқаша немесе артық ауыртпалықты болмай, олар қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуға тиіс. Уағдаласуышы Мемлекеттің кез-келген борышы басқа Уағдаласуышы Мемлекеттің резидентіне осындай кәсіпорынның салық салу капиталын айқындау мақсатында бірінші аталған мемлекеттің резидентінің борышы сияқты нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуға тиіс.

5. Капиталы басқа Уағдаласуышы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне тікелей немесе жанама тұрғыда толық немесе ішінара бақылауда болатын Уағдаласуышы Мемлекеттің кәсіпорны бірінші ескертілген мемлекетте бірінші ескертілген Мемлекеттің басқа осыған ұқсас кәсіпорындары тартылатын немесе тартылуы мүмкін салық салу және оған байланысты міндеттемелерден басқа оларға байланысты өзге немесе одан да жоғары ауыртпалықтар болып табылатын капитал салық салуға тартылмауы керек.

## 26-бап

### Өзара келісім алу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласуышы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері

өзін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар ететін болады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі зандарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласуши Мемлекеттің немесе, егер оның жағдайы 25-баптың 1-тармағының қолданылу аясына жататын болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласуши Мемлекеттің құзыретті органдарының қарауы үшін бере алады. Арыз осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар жеткізілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол шағымды орынды деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмайтын болса, осы Конвенциға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында мәселені басқа Уағдаласуши Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісе отырып шешуге келе алады. Кез-келген қол жеткізілген уағдаластық Уағдаласуши Мемлекеттердің ішкі зандарында бар қандайда да бір уақыт шектеулеріне қарамастан орындалуға тиіс.

3. Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары Конвенция пайымдау немесе қолдану кезінде туындаған кез келген қыындықтар мен күмәндарды шешу үшін өзара келісімге үмтыха алады.

4. Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары осы жоғарыда көрсетілген тармақтарды пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез-келген қыындықтарды немесе күмәндарды келісе отырып шешу мақсатында өзара байланысқа үмтыхылатын болады. Егер келісімге келу үшін ауызша пікір алысу ұйымдастырылған болса, мұндай пікір алысу Уағдаласуши Мемлекеттердің құзырлы органдарының өкілдерінен құрылған комиссияның отырысы деңгейінде өте алады.

## 27-бап

### Ақпарат алмасу

1. Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның немесе Уағдаласуши Мемлекеттердің салық салуға байланысты ішкі зандары осы Конвенцияға қайшы келмейтіндегі дәрежеде Конвенция қолданылатын ережелерін орындау үшін қажетті ақпарат алысып тұрады. Уағдаласуши Мемлекеттік алған кез-келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі зандары шеңберінде алынған ақпарат секілді нақ сондай ретпен құпия ақпарат деп есептеледі және осы Конвенция қолданылатын салықтарды бағалаумен немесе оларды алушмен, күшпен өндіріп алушмен немесе сот арқылы қудалаумен яки шағымдарды қараумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға ғана (соттар мен әкімшілік органдарды қоса) хабарланатын болады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде аша алады.

2. Ешқандай жағдайда осы баптың 1-тармағының ережелері Уағдаласуши Мемлекеттерге:

- а) осы немесе басқа Уағдаласуши Мемлекеттердің зандары мен әкімшілік тәжірибесіне қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;
- б) осы немесе басқа Уағдаласуши Мемлекеттің зандары немесе әдеттегі әкімшілік тәжірибесі бойынша алуға болмайтын ақпарат беру;
- с) қандай да болсын сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіби құпияны, немесе сауда процесін, немесе хабарды ашуы мүмкін ақпарат мемлекеттік саясатқа қоғамдық тәжірибелерде қайшы келетіндегі ақпарат беру, - міндеттін жүктейтіндегі болып пайымдалатын болады.

28-бап

Дипломатиялық миссиялардың және  
консульдық мекемелердің мүшелері

Бұл Конвенцияда арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес немесе халықаралық құқықтардың жалпы межелерінде көрсетілген дипломатиялық миссиялардың және консульдық мекемелердің мүшелеріне ешқандай салық артықшылықтары қолданылмайды.

29-бап

Күшіне енуі

1. Осы Конвенция оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Уағдаласуши Мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарланған күнінен күшіне енеді және Конвенцияның ережелері:

- а) Конвенция күшіне енгеннен кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан соң төленетін қайтарымдардың сомасына қосылатын, қаржы көзінен алынатын салықтарға; және
- б) күнтізбелік жылы басталған соң қолданылатын кез-келген салық мерзімі осындай салықтарға - осындай салықтар мен капиталдың салықтарына қатысты алынатын төлемдерге қолданылады.

30-бап

Әрекеттердің тоқтатылуы

Осы Конвенция Уағдаласуши Мемлекеттердің бірі оның тоқтатқанға дейін күшінде қалады. Әрбір Уағдаласуши Мемлекет Конвенция күшіне енген күннен бес жыл толғаннан кейін, Конвенцияның әрекеті тоқтатылғандығы туралы дипломатиялық

арналар бойынша, ары кеткенде, кез-келген күнтізбелік жыл аяқталғанға дейін алты ай ішінде жазбаша хабарлап, тоқтата алады.

Мұндай жағдайда Конвенция өз әрекетін тоқтатады:

а) әрекеттің тоқтатылғандығы туралы хабарлама берілгеннен кейінгі жылдың қаңтарының бірінші немесе одан кейінгі күндері төленген немесе есептелген сомалар бойынша көздерден ұсталатын салықтарға қатысты; және

б) әрекеттің тоқтатылғандығы туралы хабарлама берілгеннен кейінгі

жылдың қаңтарының бірінен немесе одан кейінгі күндерінен басталатын салық салынатын кезеңдегі басқа салықтарға қатысты өз әрекетін тоқтатады.

Осыларды мақұлдалап, төменде қол қоюшы, міндетті түрдегі өкілетті өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

1997 жылғы 11 қуні қараша айы қазақ, грузин және орыс тілдерінде екі дана етіп, Жасалды мәтіндердің барлығы бірдей құшке ие. Мәтіндерде алшақтық болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін айқындаушы болады.

Қазақстан Республикасының Грузия Үкіметі үшін  
Үкіметі үшін

Хаттама

Табысқа және капиталға салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Конвенцияға қол қою кезінде төмендегі ережелер Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайды деп келісті.

8-бапқа қатысты:

"Нақты атқару органды" терминін пайдаланғанда осы Конвенцияның мағынасында тұрақты мекеме болып табылмайтын бөлімшешің қызметіне жоғарғы бақылау қай жерде жүзеге асырылуына тәуелсіз әр күндік басқарманы жүзеге асыратын орган ретінде түсіндірледі.

1997 жылғы 11 қуні қараша айы қазақ, грузия және орыс тілдерінде екі дана етіп Жасалды, мәтіндердің барлығы бірдей құшке ие. Мәтіндерде алшақтық болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін айқындаушы болады.

Қазақстан Республикасының Грузия Үкіметі үшін  
Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қасымбеков Б.

Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК